

Жазды сүйем

Жазды сүйем шуақ төккен күндерін,
Жаркырайтын жұлдыз шашқан түндерін.
Жазды сүйем асыр салып ойнайтын,
Ойнаса да ойынға бір қанбайтын.

Жазды сүйем емін-еркін жүретін,
Асыр салып достарыңмен күлетін.
Жазды сүйем қыдырасың қуанып,
Шуылдаған малды алдынан күтетін.

Жазды сүйем күлімдейтін балалар,
Құлпырады дала менен қалалар.
Жазды сүйем қызығасың қарайсың,
Гүлден-гүлге қонатұғын аралар.

Жазды сүйем қауын-қарбыз пісетін,
Алмалары аузыңа кеп түсетін.
Жазды сүйем салқын суға шомылып,
Рахаттанып күн ауғанын күтетін.

Жазды сүйем інім балық аулайтын,
Үлкен-кіші, бір-бірінен аумайтын.
Жазды сүйем ұйықтамай бір ойнайтын,
Әжем маған қой десе де қоймайтын.

Жазды сүйем қыдырасың қалаға,
Ол да ғажап көрініс ғой балаға.
Жазды сүйем бауырыңды ойнатып,
Отырғызып сүйретесің арбаға.

Жазды сүйем мектебімді сағынып,
Сөмкенді алып иығыңа тағынып.
Жазды сүйем достарымды көргенше,
Алған затты көрсеткенше сарылып.

Жүректен шыққан туындымды сіздерге жолдадым.

4 сынып оқушысы Бейсенғали Нұрсая Медетқызы